

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ
ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ**

**Ұлттық әдебиет және
өлкетану орталығы**

«Тәуелсіз елдің төл теңгесі»
(танымдық сағат, 5-8 сынып)

Өскемен, 2016 ж.

Мақсаты: Оқушыларға тәуелсіздігіміздің бір белгісі теңге – ұлттық валюта туралы түсінік беру. Оқушыларды ұлттық төл теңгеміздің тарихымен, кескін -келбетімен таныстыру. Өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. Тиын, ақшалардың, ғылым мен мәдениеттің көрсеткіші ретінде аса құнды екенін ұғындыру. Тәуелсіздігімізді бағалай білуге баулу. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Теңгелер бейнеленген плакаттар, кітап көрмесі, көрмеге әр жылдағы теңгелер мен басқа елдер ақшалары және монеталары қойылады, слайд шоу, кестелер, ұпай беру үшін ақшалар қолданылады.

Ұйымдастыру кезеңі: Қайырлы күн, құрметті оқушылар!

Сабағымызды бастамас бұрын (**Психологиялық дайындық:**) мына «Еңбек ағашын» толтырайық. Оқушыларға 2 түрлі қағаз қиындылары таратылады. Сол қағазға экрандағы сұрақтарға бір сөзбен жауап жазып, әр қайсысын өз орнына іледі.

1. Бұталарға - Оқушы қандай болу керек?

2. Жапырақтарға - Оқушының алдағы мақсаты, жоспары. Мақсаттарын мұғалім оқиды. Міне, балалар, алдыға қойған мақсаттарға жету үшін қайтуіміз керек? Әрине көп еңбек етуіміз керек. Ендеше, қазір сабақ барысында сендердің алдыға қойған мақсатқа жету жолында жасаған еңбектеріңе куә боламыз.

1. Жүргізуші. 1-слайд Ал бүгінгі өткізгелі отырған тәрбие сағаты “Тәуелсіз елдің төл теңгесі” деп аталады. *Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан теңгесі әрдайым халық игілігіне қызмет етіп, еліміздің баюына және гүлденуіне ықпал етсін»* деген. 25 жыл ішінде көптеген биік асуларды бағындырдық. Еліміздің экономикасы артып, басқа елдермен терезесі тең бола бастады. Тәуелсіздік алған елдің ең бір айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол Қазақстан Республикасының төңірегінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ұлттық валютаның болуы – ұлт тәуелсіздігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ендеше, теңге күні тәуелсіз еліміздің елеулі мерекесінің бірі екені сөзсіз.

- Олай болса, Ұлттық теңгеміз қай күні тойланады?

- 1993 жылы қарашаның 12 күні Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасында ұлттық валюта енгізу туралы» жарлыққа қол қойды. Арада үш күн өткен соң, 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8-ден басталып, 20 қарашада сағат 20-да аяқталып, тәуелсіз Қазақстан Республикасының өз валютасы қаржы нарығында айналымға енгізілді. Өйткені төл теңгеміз тәуелсіздігіміздің басты белгісі еді.

2-жүргізуші: Ақша – асыл қазына, халық байлығы. Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Теңге атауы орта ғасырлардан бастау алады. VIII-IX ғасырларда әр билеушінің өз руының рәміздері бейнеленген теңгелері айналымда жүрді. XIV ғасырдың аяғында Қазақстан аумағында Әмір Темірдің мәнеті айналыста болды. XVI- XVIII ғасырларда мыс тиындар қолданыста жүріп, Қазақстанның Орта Азия мемлекеттерімен және Ресеймен сауда-саттық байланыста болғанын айғақтайды. Қазақтың «тәнге» деген ақша атауының орыстың «деньги» деген сөзі шыққан. Ерте

замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасаған.

2-жүргізуші: Енді теңгенің айналымға келу тарихымен танысайық. Теңге өмірге оңайлықпен келген жоқ. Елбасымыз өз теңгемізді шығаруға қаржыгерлерге арнайы тапсырма берді. Ұлттық валютамыздың өз дизайні, өз идеясы болуы керектігі қатаң тапсырылды. 1992 жылы тамыздың 27 күні Ұлттық банк басқармасы теңге үлгілерін бекітті. Бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғаларының әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан, Абайдың бейнелері басылды. Екінші бетінде ою-өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, елтаңбамыз салынған. Осы қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Ғабжәлеловтер Англияға аттанды.

1-жүргізуші: 1993 жылдың күзінде Қазақстан ТМД елдерінің ең соңында рубль аймағынан шықты. Теңге Ұлыбританияның әлемге әйгілі әрі ең көне «Харрисон және оның ұлдары» деп аталатын банкноттық фабрикасында басылып шықты. Теңгенің 16-ға жуық құпия қорғаныс белгісі бар. Қазақстан теңгесі қазіргі ақша жасау технологиясының соңғы жетістіктеріне сүйеніп жасалған. Құпия белгіні үкінің көзімен қарасаңыз да, байқай алмайсыз. Ұлттық валюта банкнот және монета түрінде айналысқа енгізілді. Банкнот — Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета — облысымыздың орталығы Өскемендегі Монета сарайында шығарылады.

1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалынған 2,5,10, 20 және 50 номиналды монеталар шықты.

ҚР 1995 жылғы 30 наурызда №2155 Заңына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі 2006 жылғы үлгідегі номиналы 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноттары айналысқа шықты.

1жүргізуші: Алдыңғы шыққан ақша мен қазіргі шыққан ақшаның арасында айырмашылықтар бар. Алдыңғы шыққан Ұлттық теңгеміздің шеттері қазақтың ою-өрнектермен безендірілген. Бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғаларының бейнелері басылды. Екінші бетінде ою-өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, елтаңбамыз салынған. *(Ескі теңгелер көрсетіледі)*

2-жүргізуші: Одан кейін жаңа айналысқа шыққан ақша мынадай болып өзгерді. *(Қазіргі қолданыстағы теңгелер көрсетіледі)* Теңгенің орталық бөлігінде «Астана – Байтерек» монументі бейнеленген. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменті ақ түспен безендірілген. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы жасыл түспен бейнеленген. Жоғары оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкноттың төменгі жағында ашық алақан бейнеленген. Бұл бейбітшіліктің белгісін білдіреді. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Көлік және

коммуникация министрлігінің үйі және Астанда Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың суреті салынған.

Видео.

Көрініс.

Әкесінің екі ұлы болыпты. Бірі Асан және Сапар. Әкесі алыс жолға шығып бара жатып балаларын шақырып алып былай дейді:

- Міне сендерге менің байлығымның бір бөлігі. Бір жылдан соң ораламын. Сонда сендер менің байлығымды қалай сақтағандарыңды көреміз, – дейді. Қысқа ма ұзақ па уақыт өткен соң әкесі келіп балаларын көріп, қауышқан соң балаларынан сұрайды:

- Ал, балаларым, мен жоқта қалай тұрдыңдар? Менің байлығымды қалай сақтадыңдар?

Сапар жер астындағы орынға түсіп, әкесі берген алтын ақшаны алып шығып:

-Міне, әке, сен берген ақша. Қарашы қалай сақтағанымды. Әкесі ақшаны алды да Асанға бұрылды. Ал, сен ше? Асан күлімсіреді де қалтасынан 5 алтын ақшаны алып берді.

-Мен сіз берген ақшаға бір сиыр сатып алдым. Оны жақсылап күтіп едім сүтті көп берді. Оны біз іштік. Артылғанын сатып отырдық. Міне, сен берген ақша 5-еу болды және бір сиыр қорада тұр. Балар қалай ойлайсыңдар, байлық неден құралады? Еңбектен.

Оқушылар «Табыс», «Теңге» деп 2 топқа бөлінеді. Әрбір топ өзінің қоржынына дұрыс жауап үшін берілген ақшаны жинайды. Кімнің ақшасы көп болса, сол топтың жеңгені.

Мақал-сөздің азығы. (*Жалғасын тап ойыны*)

1. Теңге **тиыннан** өсер.

Жылқы құлыннан өсер.

2. Есепсіз **дүние** жоқ.

3. Алтын тапсаң, **санап ал**.

4. Ақша **кетуге** тырысады,

Есеп **ұстауға** тырысады.

5. Ақша ашпайтын **құлып** жоқ.

6. Ақшада **көз** жоқ.

7. Жылтырағанның бәрі **алтын емес**.

8. **Теңге** - тиыннан,

Ынтымақ - ұйымнан.

Кім тез ұғып алды екен? «Сықырлы сандықша» ойынын ойнап көрейік («Сықырлы сандықша» сұраққа толтырылған. Әрбір оқушы кезегімен сұрақ алып жауап береді.)

Сұрақтар.

- Ұлттық валюта қай жылы шығарылды?

- Теңгеде кімдер бейнеленген?

- Ақша қандай қызмет атқарады?

- Тәуелсіз елдің ең бірінші айрықша белгісі қандай?

- Ерте заманда теңгелерді қайда жасаған?
- Қайдан несие алуға болады?
- Ақшаны қайда жинауға болады?
- Ұлттық валюта дегеніміз не?
- Теңге немен безендірілген?
- Қазіргі теңгеде қандай суреттер салынған?
- Қазақ теңгесі қайда басылды?
- «Теңге» деген сөзге синоним табыңыздар: (теңге, тиын, ақша, валюта, қаржы, капитал).
- Ақша сақтайтын мекеме. (Банк)
- Жеке есепшоты бар төлем-қағаз. (карточка)
- Ақша беретін құрылғы. (Банкомат)
- Төлемді растайтын қағаз. (Чек)

200 теңге - 1-бала.

Қазақстан қартасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің үйі және Астанада Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың біреуі, артқы жағында ҚР Қорғаныс министрлігі және жайлау. Сол жақ төменде оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескеретін “Подделка банкнот преследуются по закону“ деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

500 теңге - 2-бала

Қазақстан қартасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Қаржы министрлігінің үйі, Астана қаласы әкімшілігінің үйі, артқы жағында теңіз үстіндегі шағала. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

1000 теңге - 3-бала

Қазақстан қартасының контуры, алдыңғы жағында Президент мәдени орталығының үйі, артқы жағында таулар. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде – орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жоғарыда ортасында “Подделка банкнот преследуется по закону“ деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

2000 теңге - 4-бала

Қазақстан қартасының контуры, алдыңғы жағында Алматы қаласындағы Абай атындағы опера театры, артқы жағында тау өзені. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарыда ортасында “ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ“ жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша

жасау жауапкершілігін ескертетін “Подделка банкнот преследуется по закону” деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

5000 теңге - 5-бала

Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Қазақстан Республикасының Президентінің Ақорда резиденциясы, артқы жағында каньондар. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарыда ортасында “ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ” жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасағаны үшін жауапкершілікті ескертетін “Подделка банкнот преследуется по закону” деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

10000 теңге - 6-бала

Банкнотаның оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі бөлігінде ортада ұшып жүрген кептердің бейнесі. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту. Сол жақта төменде және жоғары жақта номиналдың цифрлық белгіленуі басылған, сол жақта ортада – номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгіленуі жазылған. «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу сол жақ жоғарғы бұрышта орналасқан, оның үстінде қолдан жасағаны үшін жауапкершілік туралы ескертетін мемлекеттік тілде «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген жазу бар. Сырт жағында: суреттер негізінен көлденеңінен орналасқан. Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы Ақорда, артқы көріністе Қазақстан картасының пішіні. Сол жақта төменде, оң жақта жоғарыда және оң жағынан ортаға қарай банкнота номиналының цифрлық белгіленуі, ал төменде ортасына қарай орыс тілінде әріптік белгіленуі орналасқан. Жоғарыда ортада «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу басылған, сол жақ жоғарғы бұрышта ақ түсті бос орында қолдан жасағаны үшін жауапкершілік туралы ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген жазу орналасқан.

- Балалар, өмірде әртүрлі жағдайлар болады. Мен сендерге әртүрлі жағдайлар дайындадым. Соларды оқып, содан шығудың жолдарын қарастырыңдар.

Жағдаяттар шешу. Топ болып талқылап, жауабын сахналаңыз.

1-жағдай: Биылғы оқу жылында қазақ тілі оқулығы жетіспейді, базардағы оқулық бағасы 800 теңге. Анаң туыстардан оқулығыңды тауып әкелді. Бірақ оқулық ескі, жыртық. Сен оқулықты ұстағың келіңкіремей тұр. Сенің іс-әрекетің?

2-жағдай: Сен екі ініңді бала бақшадан алып қайттың. Інілерің қарындары ашқандарын айтты. Сенде 60 теңге бар. Балмұздақ 60 теңге, 3 алма 60 теңге, 1 қорап сағыз 60 теңге. Қай затты алар едің? Неге?

3-жағдай: Сенің былтырғы етігің өзіңе шақ. Бірақ оны кигің келмей тұр. Жыртық болмағанмен, ескі. Ойыңды әкеңе айтып едің, әкең айлық әлі алмағанын айтты. Сенің әрекетің...?

4-жағдай: Мұғалім бүгін сағат екіде цирк болады деді. Билет бағасы – 300 теңге. Сондай-ақ информатика оқулығы 300 теңге, алмасак болмайды, сабақ өте алмай қаламын. Не істейсің ?

5 жағдай. Сен анаңмен бірге базарға денешынықтыру сабағына аяқ киім алуға бардың. Аралап жүріп 1000 теңге тұратын машинаны ұнатып қалдың. Сен машинаны алғың келді. Ал анаңда бар жоғы 3000 теңге ғана... Сенің әрекетің....

6 жағдай. Мұғалім бүгін сағат екіде цирк болатынын айтты. Билет бағасы 100 теңге. Сондай-ақ ағылшын кітабын алуың керек. Ол 130 теңге. Қайсысын таңдайсың? Әрекетің.....

Мінекей, сендердің тапқырлықтарың кез-келген жағдайдан шыға білетіндіктеріңді көрсетіп тұр. «Тиыннан теңге құралады», - демекші, ақшаны үнемді пайдалану керек. Ал сендер отбасы байлығын толықтыруға қалай көмектесе аласыңдар?

Жұмбақ-ойдың қазығы. («Кім тапқыр?» ойыны)

Дүние аты мәшһүр болған қымбат,
Ықшамды әдемілік, сонда сымбат.
Мақсатың көңіліндегі табылады,
Адамға ықыласпен қызмет қылмақ. /Ақша/.

Бір нәрсе сондай епті жер баспайды,
Аптығып ақылынан бір саспайды.
Данышпан ақылы көп сондай зерек,
Жаңылып басқа жөнге бір баспайды. /Есепшот/.

Кішкентай ғана безер,
Жер дүниені кезер. /Күміс ақша/.

Ол не дүр бір нәрсе бар ойға зерек,
Жүгірер әрлі-берлі дөп-дөңгелек.
Жай нәрсе өз бетімен түк білмейді,
Қосымша адамзаттың зейіні керек. /Есепшот/.

Қорытынды: Балалар, қалай ойлайсыңдар, байлық неден құралады? Еңбектен. Дұрыс айтасыңдар, ақша еңбекпен, біліммен келеді. Әр отбасы ақшаның құнын бағалап, оны орынды жұмсай білу керек. Терең оймен, шебер тілмен айтылған халық шығармаларында бірде Қазыбек би Төле биге «Кедейлік деген не?» деп сұрақ беріпті. Сонда Төле би: Кедейлік үш ағайынды. Оның тұңғышы- кежірлік, ортаншысы-еріншектік, кенжесі- ұйқы. Осы үшеуін бойына үйір қылмаған адам кедей болмайды, -деп жауап берген екен. Ендеше балалар, Тәуелсіз еліміздің болашағы сендерсіңдер. Осы жаман әдеттерден аулақ болып, еліміздің экономикасын дамытушы, икемді, ұқыпты тұлға болып өсулеріңе тілектеспін!!!

Құрастырған:

Қабдолова П.С.

Тексерген:

Кенжебекова Н.М.